

Көптілеуова Д.Т.
Араб романтикалық тарихи романы (Абу Хади́д шығармалары негізінде)

Мақалада араб романтикалық тарихи романының даму барысы патриоттық романның негізін салушы, әйгілі египет прозашысы Мухаммед Фарид Абу Хади́д шығармашылығы негізінде қарастырылады. «Джуха бейнеттері» романы араб халық фольклорының танымал кейіпкері Джухаға арналған. Романдағы уақиғалар ортазиялық қолбасшы және әмір Темірдің Араб халифатын жаулап алған кезеңімен байланысты. Бұл шығарма XX ғ. екінші онжылдығының соңына қарай египет прозасы мен поэзиясында бекіген романтикалық бағытқа жақын. Абу хади́д шығармашылығында фольклор мен батыс әдебиетінің әсері байқалады.

Түйін сөздер: романтикалық тарихи роман, араб халықтық фольклорының кейіпкері, ағартушылық, әлеуметтік және адамгершілік мәселелері.

Koptileuova D.
Arabic romantic historical novel (for example works of Abu Hadid)

The article discusses the development of the Arab Romantic historical novel example of creativity on the founder of the patriotic novel, the famous Egyptian writer Muhammad Farid Abu Hadid. The novel "The Sorrows of Joh" is dedicated to the popular hero of Arab folklore - Joha. Events unfolding during the conquest of the Arab Caliphate Timur - Central Asian warlord and emir. By its focus this work more inclined to romanticism, which is established in the Egyptian prose and poetry by the end of the second decade of the XX century. In the work of Abu Hadid showed significantly influenced western folklore and literature.

Key words: romantic historical novel, the hero of Russian folklore, enlightenment, social and human problems.

Коптилеуова Д.Т.
Арабский романтический исторический роман (на примере произведений Абу Хади́да)

В статье рассматривается процесс развития арабского романтического исторического романа на примере творчества основателя патриотического романа, известного египетского прозаика Мухаммада Фариды Абу Хади́да. Роман «Страдания Джохи» посвящен популярному герою арабского народного фольклора - Джуха. События разворачиваются в период завоевания Арабского халифата Тимуром – среднеазиатским полководцем и эмиром. По своей направленности это произведение более тяготеет к романтизму, который утвердился в египетской прозе и поэзии к концу второго десятилетия XX в. В творчестве Абу Хади́да ошутимо проявилось влияние фольклора и западной литературы.

Ключевые слова: романтический исторический роман, герой арабского народного фольклора, просветительство, социальные и человеческие проблемы.

**АРАБ
 РОМАНТИКАЛЫҚ
 ТАРИХИ РОМАНЫ
 (АБУ ХАДИД
 ШЫҒАРМАЛАРЫ
 НЕГІЗІНДЕ)**

Тарихи жанр өкілдерінің бірі ретінде, шығармалары араб әдебиеті тарихының жаңа беттерін ашқан, ең бастысы, көркем әдебиеттегі тұлғаға көңіл аударған, оның ішкі әлеміне, оның табиғатпен өзіндік байланысына қызығушылық танытқан Мухаммед Фарид Абу Хадид (1893-1967) саналады. Жаңа тұлғаның үлгісі біршама мақсатты мінез-құлықты, ерекше, қарым-қатынастары шын мәнінде, дисгармондық сипатқа ие драмаға толы тағдыры бар кейіпкерлердің қалыптасуының алғышарттарының тууына алып келді, себебі, олардың іс-әрекеттерімен ерекше, идеалдылыққа талпыну әрекеттері жүріп жатыр. Осы кейіпкерлердің ой-толғаулары нәзік лиризммен тоғысады.

Абу Хадидтің шығармашылығының қалыптасуына айтарлықтай екі фактор – халықтық фольклор және батыс әдебиеті әсер етті. Халықтық әңгіме, ертегі және ғажайып серілік аңыз қаһармандарымен Абу Хадид бала кезінен таныс болды, өйткені ол Ніл бойында орналасқан Даманхур провинциясына жақын ауылда 1893 жылы дүниеге келіп, сонда өсті. Әсіресе оны халықтан шыққан өткір тілді, данышпан – Джуха (египет диалектінде Гоха) образы қатты еліктірген. Кейіннен халықтан шыққан осы образ оның тарихи романдарының бірі «Джуханың бейнеттеріне» кейіпкер болып енді.

Еуропа әдебиетімен Махмуд Фарид Абу Хадид алғаш рет XIX ғасырда ағылшындар негізін қалаған Каирдегі оқытушылардың жоғарғы мектебінде таныс болды. Бұл мектепке ол Александриядағы орта мектепті бітірген соң түскен. Оқытушылар мектебінде еуропа әдебиетін әсіресе ағылшын әдебиетін және батыс тілдерінен аударма теориясын оқыту кең ауқымда жүзеге асырылатын еді. Абу Хадид осы пәндерге ерекше қызығушылық таныта отырып, ерте студенттік кездердің өзінде-ақ, мазмұндама, аударма және жарияланымдар бойынша Комитет ұйымдастырып әрі соны басқарды (لجنة التأليف والترجمة و النشر). Бұл өз кезегінде баспа қызметінің, аударма және әдебиеттің дамуына өз үлесін қосты.

Оқытушылар мектебіндегі оқу Абу Хадидке әлем әдебиетінің жауһарларымен, соның ішінде, тарихи романдармен танысуға мүмкіндік берді. Дәл осы жерде болашақ жазушының әдеби қызығушылығы анықталады, оның көзқарастары мен сенімдері қалыптасады. Кейіннен ол «الرسالة» («Жолдау», 1933 ж.), «الثقافة» («Мәдениет», 1939 ж.) журналдарының шығуына белсене араласты.

Абу Хадидтің әдебиеттің дамуы мен гүлденуіне қосқан үлесі Египеттің Мемлекеттік сыйлығымен белгіленді, ол араб тілі Академиясының шын мәніндегі мүшесі ретінде таңдап алынды.

Өзінің шығармашылық қызметін Абу Хадид ағылшын жазушыларының шығармаларын аударумен бастады (Шекспир, Альфред Батлер және т.б.). Ол сонымен қатар, тарих пен әдебиет мәселелері бойынша мақалалар, балаларға арналған шығармалар жазды. Әйткенмен, ол танымалдылыққа жас ұрпақты патриоттық және гуманистік тәрбие ұстанымында алға шығатын тарихи романдар авторы ретінде жетті. Абу Хадидтің есімі түп негізінде араб халықтарының ұлт-азаттық күресі енген патриоттық-тарихи романның пайда болуымен байланысты.

Мухаммед Абу Хадидтің қаламына оннан астам тарихи романдар тиесілі, олардың арасында айтарлықтай танымалдары Египетті Мұхаммед Алидің басқарған кезеңіне арналған «Патшалар қызы» романы («ابنة الملوك», 1919 ж.), «Марқұм Мұхаммед өмірінің беттерінен» («صحائف من حياة او مذكرات المرحوم محمد», 1924 ж.), «Мәмлүк қызы» («ابنة المملوك», 1929). Айтып өткендей, дәл осы роман тарихи романдағы – патриоттық деп аталатын жаңа бағыттың негізін қалады. Жазушының тағы келесідей: «Салах ад-Дин әл-Айиуби» (1930), «Ас-Сейид Омар Макрамның өмірбаяны» (1937), ақын Имрул Қайстың өмірі туралы баяндайтын (шамамен 500 ж. – VI ғ. ортасы) «Жиһанкез билеуші Имрул Қайс» («المالك الضليل امرؤ القيس», 1943 ж.), Басуси атты түйе үшін Тағлиб пен Бакр тайпалары арасында ұзаққа созылған кең танымал соғыс туралы «Мухалхил Сейид Рабиа» («المهلهل سيد ابو ربيعة», 1944), исламға дейінгі танымал ақын Антара (525-615) туралы «Серілердің серісі Антара ибн Шаддад» («ابو الفوارس عنتره بن شداد»), «Мрамор ыдыс» («الوعاء المرمرى», 1951) – йемен батыры Сейф бен Зи Язанның әкесінің тағын қалпына келтіру үшін эфиопиялықтармен күресті және жаулаушыларды қуғындауы туралы,

«Джуханың бейнеттері» («الام جحا», 1948) және «Зеновия – Пальмир ханшайымы» («زنوبيا ملكة تدمر», 195-ж) романдары бар.

«Джуханың бейнеттері» романы «دار المعارف» баспасынан 1944 және 1948 жылдары жарық көрді. Ол екі бөлімнен тұрады. Екінші «Джуха Джанбуладта» деп аталатын бөлімі аталған баспадан жеке өзі 1944 жылы басылып шықты.

Оқиға орта азиялық әскербасы және 1370-1405 жылдары билік еткен әмір Темірдің (1336-1405) Араб халифатын жаулап алу кезеңі төңірегінде өрбиді. Махуш пен Джанбулад қалалары – ойдан шығарылған болса да, Темірдің түрік сұлтаны I Баязидтің күресімен байланысты роман сюжетінің дамуы бізге суреттеп отырған оқиғаның XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында болғандығын болжауымызға мүмкіндік береді. Романның әрекет еткен орны – Ирак екендігі анық, өйткені, Дамаск мен Бағдатты 1399-1401 ж. жаулап алғаннан кейін, әмір Темір I Баязидпен, романда айтылып кеткендей, 1402 жылы күреске шығады. Ойдан шығарылған қала Джамбуладтың билеушісі романда – Ала ад-Дин. Бұл тарихи тұлға арабтық Ирактың мұрагері Ала ад-Дин Джувейнидің прототипі ретінде қызмет атқарып тұрғандай сезіледі. Осылайша, «Джуханың бейнеттері» романындағы оқиға араб халықтарының бір ғасыр бойы монғол әскерлерінің қанауына айналған кезең, яғни әмір Темірдің Иракқа шабуылы (1393) және оның Сирия мен Иракқа 1399-1401 ж. екінші рет шабуыл жасауы төңірегінде өрбиді.

Жазушы өзінің кейіпкеріне жоғарыда атап өткеніміздей, халық ертегілері мен анекдоттарда танымал персонаж «Джуха» есімін береді. Джуха – романда өмірдің мәні туралы, қайырымдылық пен зұлымдық, рухани құндылықтар туралы ойланатын философ-ойшыл. Жақсы мұсылмандық білім алған ол «әдиб» атанады. Бірақ Джуха өмір сүретін Махуш қаласының тұрғындары оның уағызын тыңдамақ түгілі бір тілім нан үшін күні бойы тыраштанып еңбек етуден қолдары босамайтын еді, олар оны түсінбейді, оның фәлсафалығы тек қана олардың күлкісін келтіретін еді. Олар Джуханы қабылдамайды, ал оның әйелі – Римма күйеуінің жоқшылығы, үнемі сәтсіздігінен әбден көңілі қалған. Өмірлік сәтсіздіктерден, отбасылық кикілжің және мылжың әйелінен арманшыл Джуха өтіп бара жатқанда алыстан көріп қалғаннан

бері үмітсіз ғашық болып жүрген таңғажайып ханшайым Алияны ойлап ойға батуы арқылы құтылады. Ол Джуха үшін жоғары әйелдік әдемілік пен мейірімділіктің эталонындай болады. Бірақ қатал шындық оны қайтадан ұрысқақ әйелінің қасына яки жерге түсіреді. Кезекті сауда ісімен айналысады, тағы да сәтсіздікке тап болады. Бұл оны темір әскері жорығының басталғандығы әрі Ала ад-Дин Джамбуладтан қашып кеткендігі жайлы өсек тараған туған қаласы Махушты тастап кетуге түрткі болады. Джуханың туған ошағынан, отбасынан кетуімен аяқталатын романның бірінші бөлімінің лейтмотиві¹ осындай. Сонымен, Абу Хадид романының кейіпкері өз қаласының, ауылының немесе тайпасының абыройы үшін қолына қылыш алған әдеттегі батыр емес. Ол «ақылды қылжақ», осы арқылы жазушы тарихқа деген өзінің концепциясын қалыптастыра алатын тірі әрі есте қалатын образға келеді.

Әмір Темірдің әскербасының бірі – Тутатпен кездесуі мен оған қызметке тұруы Джуханың өмірін түбегейлі өзгертеді. Дөрөкілеу, сауатсыз, әскери Тутат мұсылман құқығының білгірі – Джухаға құрметпен қарап, оны өзіне қызметке алады. Олар Джуханың уағыздық қызметі қала тұрғындарының арасында кең таралған, Темір әскерлерімен жаулап алынған Джамбулад қаласына келеді. Джуха тіпті өзінің мектебін ашып, тұрғындардың арасына оның жақсылық пен мейірімділік, кедейлер мен ауруларға көмек көрсету қажет екендігі туралы айтқан уағыздарын таратушы шәкірттерін маңайына жинайды. Джуханың уағыздары қала байларының ашуын келтіргендіктен, оны «қала тәртібін бұзған» деген айыппен түрмеге қамайды. Бірақ Джуханың қызметі туралы сөз Темірланның өзіне дейін жетеді, бұл кезде ол жеңіліске ұшырап, тұтқынға түскен түрік сұлтаны I Баязидке қарсы жорықтан өзінің Джамбуладтағы резиденциясына оралған кезі еді. Джуханы Темірланға алып келеді, бұл араб уағызшысы мен ұлы жаулап алушының кездесуі – сана мен мейірімділіктің зорлық пен зұлымдықтан артық деген идеяны көрсететін романның кульминациясы болып табылады. Әміршімен Джуханың әңгімелесуі кезінде қаһарлы билеушіге өзінің жолында түзетіп жүрген зорлығын сынап келе ашық түрде қарсылығын білдіреді және рухани жақындық пен өлім алдындағы бар-

лық адам баласының тең екендігі туралы уағызын айтады. «Егер сен уағыз тындағың келсе, сен үшін шындықтан артық уағыз жоқ... Аллах сені жаратты, сондай-ақ, саған дейін де жаратты және сенен кейін де жаратады. Ол саған бұдан артық ешқашан өмір сүрмейтін соншалықты күн берді. Иә мына өмірден сен өзіңмен бірге ештеңе де алып кете алмайсың... Ол өмірді сендер үшін сынақ етіп жаратты, адамзат баласына Аллаһтың жүктеген парыздарын орындау үшін... .. саған дейін де сен жеткен жетістікке жеткен билеушілер де болды, олар да кетті. Ал жер олардың артында олардың ақымақтықтарын мазақ еткендей олардың артында қала берді... Жер бәріне жомарт, бәрін бірдей бақытты өмірге шақырады» [1, 147-149]. Автор өзінің ұстанымымен «ұят дауысын» есінде ұстайтын әділ билеушілер туралы утопиялық идеяны уағыздайды. Бұл туралы, әсіресе, Джуханың әділдік, мына өмірдегі жасаған күнәсі үшін тартатын жазасы туралы айтқан уағзынан кейін Әмір Темір өзінің әскерлерімен бірге бейбіт түрде Джамбулад қаласын тастап кеткені туралы баяндалатын роман соңындағы эпизодта айтылады. Қаһарлы билеушіге Джуханың туралығы мен шынайылығы елжіретеді, оған жаза берудің орнына оған мейірімділік танытады.

Сонымен, Темірлан өзінің әскерлерімен бірге Джамбуладты тастап, өзінің қаласы Самарқандқа кетеді, ал қалаға оның заңды билеушісі Ала ад-Дин оралады. Халық Темірдің кетуін бас мешіттің имамы етіп тағайындалған қаладағы Джуханың уағзымен байланыстырады. Осы жерде өзінің ағасымен бірге ауыр күндерде оған көмектескен Нажуаға үйленіп, өзінің бақытын табады.

Араб халықтық фольклорының кейіпкері, «анекдоттар мен күлкілі тарихи әңгімелер тиесілі болған зерек адаммен» [2, 247] салыстырғанда Джуха романда өз отандастарының күлкісіне қалған философия айтушы жолы болмаған адам: «мен оларға менің жүрегім ауырды деп айтқан кезде олар мен бос сөз айтып оларды шатастырып отыр деп санап, одан әрі күледі» [1, 4]. Үнемі қажеттілікті іздей отырып, Джуха сонымен бірге ақкөңіл әрі жомарт. Ол өзінің көнекөз досы әл-Хаджи Джамал ад-Динге материалдық көмек көрсетпек ниетімен өзінің жалғыз өгізін сойып, етін сатуды жөн көреді. Әйткенмен, ешкім етті алғысы келмеген соң, етті тегін таратып, соңында не ет, не өгіз жоқ, қайтадан күлкіге қалады. Оны Махуш

¹ Лейтмотив – шығарма арқауы

қаласының кедей тұрмысы қатты аландатады. Ол әлеуметтік қайғы мен әділетсіздікке кінәліні тапқысы келеді: «Бұл жерде кім кінәлі?» [1, 58] деген сұрақты Джуханың үнемі өзіне қояды. Мұндай сұрақ қарапайым адамдарға көрсетіліп отырған зорлық пен зомбылықты көрген Джанбулад қаласында да алдынан шығады.

Романдағы Джуха образының психологиялық тұрғыдан талдауына келсек, шығарманың екінші тарауында, кейіпкердің іштей өсуін және оның әлеуметтік әділеттілік, құлықтық тәрбие мен халықтың ағартушылығы үшін күрескер ретінде қалыптасқандығын көруге болады. Джуха образы, сонымен қатар, насихат пен дидактика қызметін де атқарады әрі бұл романның ағартушылық сипатын береді: «Кейде маған мен осы өмірге оларға үлгі болу үшін келген сияқтымын... Бақыт пен жақсылық – дейді Джуха, – тек қана еңбекте... мен жұмыс істемей уақытты босқа өткізетін, оны тектен тек өлтіретіндерді білемін. Аллах, тіпті, олар ешқандай жаманшылық жасамаса да, оларға өз мейірімін төкпейді» [1, 30].

Дәл осы ағартушылық пен жас буынды еңбек тәрбиесіне баулу әлеуметтік мәселенің шешімі екенін автор көре білді. Романда қазіргі жастарды халыққа маңызды әрі қажетті істермен айналысуға шақыру және уақытты бостан-босқа өткізіп мақсатсыз жүрген олардың кейбір өкілдерінің атына кінә арту естіледі. Осы идеяны Джуха өзінің ұлына қарата айтады: «Ол дәрігер, шаштараз немесе астролог болсын, тек бостан-босқа жүрмесін» [1, 26].

Джуханың нақтылауы бойынша, адам баласы Темір әскерлері көрсеткен зорлық заңдылығымен келісе алмайды. Ол бұл заңды джунгли заңымен салыстырады: «кім күшті, сол жеңеді, кім жеңеді, сол жейді, кім аулағысы келеді – аулайды, кім қулыққа салынғысы келеді – қуланады» [1, 75]. Сонымен қатар ол, тіпті қатал джунгли заңының өзі жаулап алатын әскер заңынан әділірек деген шешімге келеді: «маған түрмедегі қатал заңның өзі Темір орнатқан заңнан гөрі мейірімді сияқты көрінді. Арыстан өлтіргісі келгеннен өлтірмейді, аш қарнын тойдыру мақсатымен өлтіреді. Джунгли заңдарында қараңғы түрмеге қамау заңы жоқ» [1, 132]. Ол екі ай түрмеде отырғаннан кейін босатуға келген түрмешінің бетіне ашулы сөздерін айтады: «Егер тіпті мен қылмыскер болсам да – бұл түрме менің адами болмысымды өзгерте алмас еді. Ұрының қолын кес, бірақ оны еркіне жібер.

Адам өлтіргішті өлтір, бірақ оның жанын бостандыққа жібер. Қол мен денеден гөрі бостандық құндырақ... Сендер менің еркін өмірге деген құқығымнан айырдыңдар. Сендер күш пен құдіретке иесіңдер. Менің бостандығымды өзіме қайтарыңдар, менің оған хақым бар» [1, 135-136].

Осы зорлық-зомбылықты сынға алған сөздер тек қана Әмір Темір мен оның әскерлеріне арналған жоқ, сонымен қатар, қазіргі заманда орын алып отырған барлық қатыгез адами заңдылықтарға төзгісіздіктің ащы дауысы естіледі.

Абу Хадид романында әлеуметтік мәселелерге көңіл аударған кейіпкерлердің қобалжуына айтарлықтай рөл берілген. Бұған Джуханың өзінің психологиялық халінің сипаттамасы анық мысал бола алады: «мен мұнайып келе жаттым және өз отбасым мен ұлымды қиналуға қалдырғаным үшін ұяттан өртендім. Махуш менен теріс айналды және менің өмір сүруіме мүмкіндік қалдырмады, менен үйім бас тартты, менің қала тұрғындарының арасында тұруыма орын жоқ, олар менің әкемнен қалған үйімді сатып, лашықта тұруыма мәжбүр етті. Бұл жерде кім кінәлі? Мен бе әлде Махуш па? Менің бәрінен жұрдай болуыма, қуылуыма, үлесімнен айырылуыма кім кінәлі? Мен бе, сен бе? Мына сен Махуш бізді, өзінің тұрғындарынды, менің отбасымды тағдырдың тауқыметіне қалдырдың» [1, 58].

Көріп отырғанымыздай, жазушы өзінің романында адамгершілік және әлеуметтік мәселелерді көтереді, мұнда ұлттық мәселелер көтерілмеген. Абу Хадид Темірдің қатыгездігін көрсете отырып, олармен күресі туралы үндемейді. Абу Хадид үшін Әмір Темір – араб жерлерін жаулап алған жеңімпаз емес, ол араб халқы секілді өз халқын да езген билеуші. Бұл бізге романды құрастыру кезінде автор адамгершілік ұстанымы арқылы келген әлеуметтік теңсіздік мәселесіне көп тоқталған деп айтуымызға құқық береді. Абу Хадидтің осы шығармасында ұлттық еркіндік идеясы емес, әлеуметтік-ағартушылық идеясы көтерілген.

«Джуханың бейнеттері» романындағы Темір образы біршама күрделілікке ие. Кеңестік тарихнамада жаулаушы ретінде танылғанына қарамастан, араб жазушысының романында ол қатыгез адам ретінде көрінбейді, тіпті оқырман секілді Джуханың оған сүйіспеншілігі де байқалады, мысалы, билеуші Джуханың уағызын тыңдаған соң қарапайым адамдар сияқты өкі-

ріп жылайды. Темірді алғаш рет көргенде Джу-ха өктем емес, қарапайым жүректі адам екеніне таңғалады. Бұл оның Темір туралы оған дейін әскерлерден естіген аңызға айналған адам деген елестетуіне қарама-қайшы келеді. Мысалы, әскербасының бірі – Тутаттың Джухамен әңгімесінде: «Жақында ғана ол (Темір) оны тұтқындап, оны (Баязидті) темір торға отырғызғанын сен естіген жоқсың ба? Ол оны біз көру үшін осында алып келеді, сосын оны ұлы әскери жорық жолында алып жүру үшін Самарқандқа алып барады... Халық Темірге қарсыласқандардың соңында қандай болатынын көреді. Ол – ешкімге жеңіс бермейтін арыстан, ол – ешкім қуып жете алмайтын бүркіт. Оның дұшпандарына оған бағынуға немесе өлгеннен басқа таңдау жоқ» [1, 95].

Темірлан образы жазушы арқылы күрделі әрі қарама-қайшылықты образ ретінде ойдан шығарылған. Ондағы шектен тыс қатыгездік адами болмыстың қырларымен, тіпті билеуші жақсы көңіл-күйде болған кезде жұмсақтық танытатын қырларымен өзара үндеседі. Н. Остроумов 1892 жылы «Темірді жөнге салу» бөлімінің «Баспадан» деп аталатын кіріспе тарауында былай деп көрсетеді: «Тимур құйын секілді Азияны жайпап өтті... Бірақ көңілі тыншыған кезде ол әділ қазы, білімділікке дос, өзі әңгімелесуді ұнататын суретшілер мен ғалымдарға қамқор әрі әділ болды» [3, 3]. Н.Остроумов «Тимурды жөнге салу» оқиғасының мәселесіне тоқтала отырып, мұнда екі версия бар екендігін атап өтеді: біріншісі – ол Темірдің өзімен жазылған, екіншісі – оның айтуымен хатшысы түрік тілінде жазған әрі ол «Тюзикь-и-Тимурь» деп аталған.

Абу Хадид өзінің романында ғалым адамдарға деген құрмет Темірлан әскерлерінде де

болдыр, яғни әрбір бөлімшеде әскерлердің дәрежі сауатсыздықтарын аңғарта алатын мұсылман құқығының факих-білгірі болды. Сонымен бірге Темірланның Жанбулад қаласын Джуханың ықпалымен тастап кету эпизоды көркемдік ойдан шығарылған құбылыс. Автор шығарманың идеялық жібі арқылы қатыгез жаулаушының өзі ұят пен сана алдында арлы деген ойды қалыптастыру үшін тарихи шындықтан саналы түрде аттап өтеді.

Шығармадағы Темірланның әскербасыларының бірі Тутаттың Джухамен қарым-қатынасы да ерекше. Бұл басында жаулап алушы-жеңімпаз пен жеңіліске ұшырғанның арасындағы қарым-қатынасы болса, кейін Джуханың білімділігіне көзі жеткен Тутат оған деген қатынасын өзгертіп, құрметпен қарай бастайды, кейін достық пен бір-біріне деген бауыр басушылыққа айналады [1, 91]. Тутат – жомарт әрі қайырымды жүректі адам, бұл Джуханың соңғы рет түрмеге түскенінде көмектесуге тырысқандығынан көрінеді. Тутат оған келіп, тамақ, киім, достарынан хат алып келеді.

Қорыта айтқанда, бұл шығарма араб тарихи роман жанрының дамуын жалғастыра отырып, осы кезеңдегі басқа тарихи романдармен салыстырғанда біршама биік дәрежеде тұр. Оқиғаны кең қамтылуы, күрделі композиция, образдар психологиясының жаңа дәрежесі, идеялық-тақырыптық бағыттың анық берілуі, философиялық-этикалық мәселелерге бай болуы романның көркемдік мазмұнын арттыра түсті.

Сонымен қатар шығармада әлемді танудың романтикалық қырлары берілген және көп кешікпей араб тіліндегі реалистік романдардың мазмұнын айқындайтын әлеуметтік мәселелердің тенденциясы байқалады.

Әдебиеттер

- 1 ابو حديد محمد فريد. الام جحا. القاهرة: دار المعارف, 1984.
- 2 على ابن حادية الباليش. القاموس الجديد لطلاب. معجم عربي مدرسي. الطبعة السادسة. 1985.
- 3 Уложение Тимура. -Ташкент: Фан, 1968.
- 4 Крачковский И.Ю. Изб. соч. в 6-ти томах, Т.III. – М. – Л.: Изд-во: Акад. Наук СССР, 1956.
- 5 Крымский А.Е. История новой арабской литературы XIX- нач. XX в. – М.: Наука, 1971.

References

- 1 Abu Hadid , Muhamad Farid. Stradania Djohi. – Kair: Dar al-maarif, 1984.
- 2 Ali ben Hadia al-Balish.Novyi slovar dlya studentov. Arabskii tolkovyi slovar. 6-e izdanie.1985.
- 3 Ulojenie Timura. – Tashkent: Fan, 1968.
- 4 Krashkovskii I.IU. Izb. soch. v 6-ti tomah, T.III. – M-L.: Izd-vo: Akad. nauk SSSR, 1956.
- 5 Krymskii A.E. Istoriya novoi arabskoi literatury XIX- nachalo XX v. – M.: Nauka, 1971.